

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «ҮШ АЮ» ЕРТЕГІСІ

<b>ЖАРИЯЛАНДЫ</b> 19.06.2018	<b>ТІРЕК СӨЗДЕР</b> ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту	<b>СІЛТЕМЕ</b> <a href="https://bilimger.kz/39429/">https://bilimger.kz/39429/</a>
---------------------------------	--	---

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Шманова Әйгерім Маратқызы,**

**«Ақерке» бөбекжай — балабақшасының тәрбиешісі.**

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Үш аю» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын сақыналау арқылы түсіндіру, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегіні тыңдай отырып сөздік қорын молайту. Ертегіні сақыналауға бейімдеу. Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, бірін - бірі сыйлауға үйрету. Өзіне берілген рөлді дұрыс дауыс ырғағымен ойнауға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** үйшік, орман, талдар, орындық, киіпкерлер, төсек орны, ботқа ыдыстары, себет, ұнтаспа.

**Айгерім:**

Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар, балғын балалар!?

Барлығын бермен қараңдар!

Аюлар жайлы ертегі, сендерге сыр шертеді.

Ең қызық ертегіні сахнаға енгіздік.

Баяндайын көріңдер, өзбағасын беріңдер.

**Автор:** Ерте, ерте, ертеде атай мен әжей болыпты, олардың Маша деген немересі бар екен. Бір күні Маша.

**Маша:** Әже орманнан жидек теріп қайтайыншы.

**Әжесі:** Жақсы бара ғой қызым, тек алысқа ұзама, тез қайтып кел.

**Маша:** Жарайды әже.

**Автор:** Маша орманда жидек теріп, өлең айтып жүргенде адасып кетеді.

Қайтар жолды таба алмай жылайды, қарны ашады, шөлдейді, шаршайды, ұйқысы келеді.

**Маша:** Ата, әже қайдасыңдар? Маған көмектесіңіздерші.

**Автор:** Маша жолды іздеп таба алмай, орманда тұрған бір үйшікке кезігеді. Атасы мен әжесі күте – күте шаршайды

**Маша:** Үйшікте кім тұрады?

**Автор:** деп айқайлайды, еш дыбыс естілмейді. Үйге кірсе ешкім жоқ. Бұл үйде аюлар мекендейтін. Әкесі, анасы, баласы. Маша дастарханда тұрған үш табақ боқаны көреді. Үлкен табақ әкесінікі, орташа табақ анасынікі, ал кішкене табақ қонжықтікі еді. Маша үлкен табақтағы, одан кейін орташа табақтағы ботқаны жеп еді дәмі ұнамады. Ал кішкене табақтағыны жеп көріп еді ұнап қалады. Қыздың қарны аш еді. Енді ол отырып тамақтану үшін өзіне орындық таңдайды. Ең үлкені – әкесінікі, одан кішірегі -анасыныкі, ал үшіншісі – қонжықтікі. Кішкентай қыз ең үлкен орындыққа шығып, одан құлап түседі. Ортаншысына мініп еді, ыңғайсыз көрінеді. Көңілінен шыққан тек үшінші орындық болады. Қыз қонжықтың орындығына отырып, табақтағы тамақты ішіп алады. Қарны тойған ол кішкентай орындықты ары – бері шайқап ойнайды. Ақырында оны құлатып, өзі жерге құлайды. Маша орнынан тұрып, келесі бөлмеге кіреді. Бұл жерде үш төсек бар екен. Ең үлкені –әкесінікі, ортаншысы – анасыныкі, ал үшіншісі – қонжықтікі. Маша ең үлкен төсекке шығады. Бұл оған тым үлкендік жасайды. Одан түсіп, ортаншысына жатады. Ол биік көрінеді. Ыңғайлы болғаны – үшінші төсек. Қатты шаршаған Маша осы қонжықтың орнына жатып, тәтті ұйқыға батады. Бір мезгілде аюлар үйлеріне оралады. Шаршап келген аюлар асын ішпек болады.

**Әкесі:** Біздің үйге біреу кірген сияқты, адамның исі шығады.

**Автор:** Осылайша аюлар байқап қалады. (Өз тамағын көрген аюдың әкесі)

**Әкесі:** Менің тамағыма кім тиіскен?

**Анасы:** Менің ботқамдыда татып көріпті.

**Қонжық:** Ой, менің ботқамды түгелдей жеп қойыпты.

**Автор:** деп шәңк – шәңк етеді. Аюлар ұйықтайтын бөлмелеріне кірсе.

**Әкесі:** Менің төсегіме кім жатпақ болды?

**Анасы:** Менің төсегімдіде умаждап тастапты.

**Қонжық:** Ой, менің төсегімде біреу жатыр ғой, міне жатыр ұстаңдар.

**Автор:** аюлардың даусынан шошып оянған Маша қорқып кетеді.

**Маша:** Мен атаммен әжемнен сұранып орманға жидек теруге шыққам адасып кеттім. Мені жемеңдерші мен сендерге тақпақ айтып беремін.

**Аюлар:** жарайды.

**Маша:**

Қорбаңдаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп, теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

**Аюлар:** Маша, орманда жалғыз жүруге болмайды. Біз сені ата, әжеңе алып барайық.

**Автор:** Аюлар Машаны атасы мен әжесіне алып келеді.

**Атасы, әжесі:** Рахмет, сендерге аюлар, келіңдер бәріміз дос болайық.

**Автор:** Сүйтіп, барлығы дос болып, тату – тәтті өмір сүріпті.

**Ән:** «Ертегілер»

**Қортынды:** Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

Ертегі не жайында?

Ормандағы үйшік кімнің үйшігі екен?

(кейіпкерлерді хабарлап айту) тыңдағандарыңызға рахмет!

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.